

Бекітемін

Директор

Т. Шакенова



2025-2026 оқу жылына арналған «Сана» ұлдар

ұйымының жылдық жоспары.

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілу түрі	Өтетін мерзімі	Өткізетін жауапты
1	Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен, жылдық жоспарымен таныстыру	Жиналыс	Қыркүйек	Клуб жетекшісі
2	«Нағыз ер жігіт қандай болу керек?»	Пікірлесу	Қыркүйек	Психолог
3	«Жігітке жеті өнер де аз»	Танымдық сабақ	Қазан	Клуб жетекшісі
4	«Салауатты өмір – сергек ұрпақ»	Тренинг	Қазан	медбике
5	«Ер намысы – ел намысы» тақырыбында бейнеролик көру, талдау	Ашық сабақ	Қараша	Әлеуметтік педагог
7	«Ер жігіт – ел тірегі»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Тәрбишілері
8	«Жас сарбаз» әскери спорттық жарысы	Жарыс	Қаңтар	Спорт жаттықтырушылар
9	«Қыздарды қорғау – жігіттің парызы»	Ашық тәрбие сағаты	Ақпан	тәрбиешілері
10	«Әке – отбасының тірегі»	Ата-анамен кездесу	Наурыз	Клуб жетекшісі
11	«Ұлттық ойындар – ұлт рухы»	Спорттық сайыс	Сәуір	Спорт жаттықтырушылар
12	«Болашаққа жауапкершілікпен қара»	Тренинг-семинар	Сәуір	Психолог
13	«Жыл үздігі – 2026» (үздік ұл оқушыны марапаттау)	Қорытынды байқау	Мамыр	Клуб жетекшісі
14	Жылдық есеп беру, ұсыныс-пікірлер жинау	Қорытынды жиналыс	Мамыр	

Ұлдар ұйымының жетешісі: Сансызбаев А.Б.

Бекітемін
Директор:

Г.Шакенова

**2025-2026 оқу жылына арналған «Сана» ұлдар
ұйымының жылдық жоспары**

№	Жұмыстың мазмұны	Өтілу түрі	Өтетін мерзімі	Өткізетін жауапты
1	Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен, жылдық жоспарымен таныстыру	Жиналыс	Қыркүйек	Клуб жетекшісі
2	«Нағыз ер жігіт қандай болу керек?»	Пікірлесу	Қыркүйек	Психолог
3	«Жігітке жеті өнер де аз»	Танымдық сабақ	Қазан	Клуб жетекшісі
4	«Салауатты өмір – сергек ұрпақ»	Тренинг	Қазан	медбике
5	«Ер намысы – ел намысы» тақырыбында бейнеролик көру, талдау	Ашық сабақ	Қараша	Әлеуметтік педагог
6	«Әскер – Отан тірегі»	Әскери сабақ/саптық дайындық	Қараша	АӘД мұғалімі
7	«Ер жігіт – ел тірегі»	Дөңгелек үстел	Желтоқсан	Тәрбие орынбасары
8	«Жас сарбаз» әскери спорттық жарысы	Жарыс	Қаңтар	ДТІЖО, дене мұғалімі
9	«Қыздарды қорғау – жігіттің парызы»	Ашық тәрбие сағаты	Ақпан	Сынып жетекшілер
10	«Әке – отбасының тірегі»	Ата-анамен кездесу	Наурыз	Пед.ұйымдастырушы
11	«Ұлттық ойындар – ұлт рухы»	Спорттық сайыс	Сәуір	Дене мұғалімі
12	«Болашаққа жауапкершілікпен қара»	Тренинг-семинар	Сәуір	Психолог
13	«Жыл үздігі – 2026» (үздік ұл оқушыны марапаттау)	Қорытынды байқау	Мамыр	Клуб жетекшісі
14	Жылдық есеп беру, ұсыныс-пікірлер жинау	Қорытынды жиналыс	Мамыр	

Ұлдар ұйымының жетешісі: А.Сансызбаев

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

29.08.2025

№ 484

«Ұлдар клубын» құру туралы

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және 2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие жоспарына сәйкес, мектеп жасындағы ұл балалардың бойында ер-азаматтық қасиеттерді, тәртіп пен жауапкершілікті, елін, отбасын қорғау сезімін қалыптастыру, ұлттық болмыс пен салт-дәстүрге негізделген тәлім-тәрбие беру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені» жанынан «Ұлдар клубы» құрылсын.
2. Клубтың мақсаттары:
 - ұл балаларды ер мінезділікке, жауапкершілікке, батылдыққа тәрбиелеу;
 - ұлттық әскери-патриоттық сана қалыптастыру;
 - әдеп, тәртіп, көшбасшылық қабілеттерін дамыту;
 - қоғамға, отбасына пайдалы тұлға ретінде бағыттау.
3. «Ұлдар клубының» жетекшісі болып Сансызбаев А.Б. тағайындалсын.
4. Клубтың құрамына әр сыныптан белсенді ұл балалар енгізілсін. Тізімді тәрбиешілері ұсынып, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары бекітсін.
5. «Ұлдар клубының» жылдық жұмыс жоспары 5 жұмыс күні ішінде әзірленіп, бекітілсін.
6. Клуб жұмысын жүргізу барысында:
 - патриоттық бағыттағы кездесулер, шеберлік сағаттары, спорттық жарыстар, әскери жаттығу элементтері қамтылсын;
 - тәртіп сақшыларымен, ерікті жастар ұйымдарымен байланыс орнатылсын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары В.Габитоваға жүктелсін.

Директоры



Г. Шакенова

Таныстым:
В.Габитова
А.Сансызбаев

Бекітемін
Директор: Г.Шакенова

**2025-2026 оқу жылы бойынша «Сана» Ұлдар клубының
жиналысының жылдық жұмыс жоспары**

№	Отырыстың уақыты	Қаралатын мәселелер	Өтілу түрі	Жауапты
1	Қыркүйек	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен таныстыру 2. Жылдық жоспарды бекіту 3. Мектеп формасы, ұл бала тәртібі 4. Жауапкершілік және ер баланың тұлғалық бейнесі	Жиналыс Хаттама	Клуб жетекшісі
2	Желтоқсан	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Тәрбие бағытындағы жартыжылдық жұмыс есебі 2. Буллингтің алдын алу, сабаққа қатысу мәселесі 3. Ұлттық құндылықтар – ер баланың бойындағы намыс пен мінез	Жиналыс хаттама	Клуб жетекшісі, Тәлімгер
3	Ақпан	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Қыз балаларға құрмет көрсету – ұл тәрбиесінің негізі 2. Спорттық жарыстарға қатысу белсенділігі 3. «Әке – отбасы тірегі» тақырыбында пікір бөлісу	Жиналыс Хаттама	Клуб жетекшісі,
4	Мамыр	Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Жылдық жұмысты қорытындылау 2. Үздік белсенді оқушыларды марапаттау 3. Ұлдардың жазғы демалыстағы тәртібі мен қауіпсіздік ережелері 4. Келесі жылға ұсыныстар жинау	Жиналыс Хаттама	Клуб жетекшісі, Тәлімгер

Хаттама № 1

2025-2026 оқу жылында «Сана» ұлдар клубының жиналысы болып өтті.

Өткізу күні: қыркүйек 2025 жыл

Өткізу орны: Ойын бөлмесі

Қатысқандар: 7-11 сынып ұлдары

Қатыспағандар: –

Жауапты: Клуб жетекшісі: Сансызбаев А.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен таныстыру
2. Жылдық жоспарды бекіту
3. Мектеп формасы, ұл бала тәртібі
4. Жауапкершілік және ер баланың тұлғалық бейнесі

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе-1. Ұлдар клубының мақсат-міндеттерімен таныстыру

Клуб жетекшісі қатысушыларға «Ұлдар клубының» жұмыс бағыты мен мақсатын таныстырды. Ұйымның негізгі мақсаты – ер балаларды отансүйгіштікке, жауапкершілікке, тәртіпке, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоғамдық өмірге белсенді араластыру екені айтылды.

Клуб жұмысы аясында ұлттық тәрбиеге, батылдық пен намысқа негізделген іс-шаралар ұйымдастырылатыны түсіндірілді.

Күн тәртібіндегі мәселе-2. Жылдық жоспарды бекіту

Ұлдар клубының 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспарға спорттық, тәрбиелік, танымдық, азаматтық-патриоттық бағыттағы іс-шаралар енгізілген. Қатысушылар жоспарды бірауыздан мақұлдап, бекітуге шешім қабылдады.

Күн тәртібіндегі мәселе-3. Мектеп формасы, ұл бала тәртібі

Мектеп формасына қойылатын талаптар, ұқыптылық, шаш үлгісі, сыртқы көрініс, сөйлеу мәдениеті мәселелері кеңінен талқыланды. Ер балалардың мінез-құлқындағы тәртіп, сыпайылық, ұстамдылық секілді ұстанымдар тәрбиенің маңызды бөлігі ретінде атап өтілді. Белгіленген тәртіп нормаларын сақтау – әр оқушының міндеті екені ескертілді.

Күн тәртібіндегі мәселе-4. Жауапкершілік және ер баланың тұлғалық бейнесі

Жиналыс соңында ер баланың тұлғалық қалыптасуына әсер ететін қасиеттер – жауапкершілік, намыс, тәртіп, еңбекқорлық туралы әңгіме қозғалды. Қатысушылар «Нағыз жігіт қандай болу керек?» тақырыбында пікір алмасты.

Клуб мүшелері ер-азамат ретінде өзіне жүктелген міндетті адал атқаруға, қоғамда үлгі болуға ұмтылу керектігін айтты.

Қаулы: 2025–2026 оқу жылы, қыркүйек айындағы Ұлдар клубының алғашқы жиналысы негізінде қабылданған шешімдер:

1. **Ұлдар клубының мақсаттары мен міндеттері** таныстырылып, клубтың жыл бойғы жұмыс бағыты бекітілсін.
✓ *Жауапты:* Клуб жетекшісі, Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар
2. **2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары** толық талқыланып, бірауыздан бекітілсін.
✓ *Жауапты:* Клуб жетекшісі
3. **Мектеп формасы мен ер балалардың тәртібі** туралы түсіндіру жұмыстары барлық сыныптарда жүргізілсін.
✓ *Жауапты:* Сынып жетекшілер, ТЖО, Әлеуметтік педагог
4. **Жауапкершілік, намыс, тұлғалық бейне** тақырыбында мотивациялық тәрбие сағаттары әр тоқсанда өткізіліп отырсын.
✓ *Жауапты:* Клуб жетекшісі, Психолог, Сынып жетекшілер



Анықтама

Іс-шара атауы: «Нағыз ер жігіт қандай болу керек?»

Форматы: Пікірлесу сабағы (тренинг)

Мерзімі: Қыркүйек, 2025 жыл

Орны: Психолог бөлмесі

Қатысушылар: 8–11 сынып ер балалар

Жауапты: Клуб жетекшісі, мектеп психологы

Мақсаты:

Ер балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, жауапкершілік, батылдық, сабырлылық сияқты мінез-құлық дағдыларын дамыту, нағыз ер азамат бейнесіне баулу.

Іс-шара барысы:

Қыркүйек айында Ұлдар клубының жоспарына сай «Нағыз ер жігіт қандай болу керек?» тақырыбында пікірлесу сабағы ұйымдастырылды. Іс-шараға жоғары сынып ер балалары мен клуб жетекшісі, психолог маман және педагог-ұйымдастырушы қатысты.

Пікір алмасу барысында оқушылар «ер жігіт» түсінігін қалай қабылдайтындарын айтты. Жауапкершілік, батылдық, сөзінде тұру, өз отбасына, еліне адал болу сияқты қасиеттер кеңінен талқыланды.

Сынып жетекшілер мен мамандар өмірлік мысалдар келтіре отырып, ер бала тәрбиесінің маңызын түсіндірді. «Мен қандай жігіт болғым келеді?» тақырыбында шағын ойтолғау жазылып, жеке ойлар ортаға салынды.

Нәтиже:

Іс-шара оқушыларды терең ойға жетеледі. Олар ер азамат болудың үлкен жауапкершілік екенін түсінді. Пікірлесу барысында өз бойындағы жақсы қасиеттерге мән беріп, кемшіліктерімен жұмыс жасауға дайын екендерін білдірді.



Анықтама

Іс-шара атауы: «Жігітке жеті өнер де аз»

Форматы: Танымдық сабақ

Мерзімі: Қазан, 2025 жыл

Өтетін орны: Кітапхана

Қатысушылар: 7–10 сынып ер балалар

Жауапты: Ұлдар клубының жетекшісі

Мақсаты:

Оқушыларға ер азаматқа тән көп қырлы қабілеттің маңыздылығын ұғындыру, ұлттық тәрбиедегі өнер мен шеберлікке баулудың маңызын түсіндіру, өз қабілеттерін шыңдауға бағыт беру.

Іс-шара барысы:

Қазан айында «Ұлдар клубының» жоспарына сәйкес «Жігітке жеті өнер де аз» тақырыбында **танымдық сабақ** ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында ер жігіттің бойындағы өнерге бейімділік, еңбекқорлық, шешендік, қолөнер, спорт, музыка, техника саласындағы қабілеттер туралы айтылды.

Сабақ үш бөлімнен тұрды:

- **Теориялық бөлімде:** «жеті өнер» ұғымының тарихи-этнографиялық мағынасы талқыланды;
- **Жеке жұмыс бөлімінде:** оқушылар өз бойларындағы өнер түрлерін таныстырып, шығармашылық тапсырмалар орындады;
- **Шығармашылық шеберлік сәтінде:** ұлттық өнерге қатысты қолөнер мен музыкалық үлгілер көрсетілді.

Сонымен қатар, ер жігіттермен сергіту мақсатында шахмат ұйымдастырылып, балалардың логикалық ойлау қабілеті мен зейінін дамытуға жағдай жасалды.

Нәтиже:

Іс-шара барысында ер балалар өз қабілеттерін ортаға салып, өнерге деген ынтасын танытты. Көпшілік өз хоббиі мен болашақ мамандығын нақтылауға мүмкіндік алды. «Ер жігіт – жан-жақты, ізденімпаз болу керек» деген тұжырыммен танымдық сабақ қорытындыланды.

